

Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы

Ашық оқу іс-әрекеті
Тақырыбы: «Дос іздеген бота»



Тәрбиеші: Бимашева Г.Б.

2022-2023 оқу жылы

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

Дағды: «Коммуникация»

Бөлімі: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Дос іздеген бота» қазақ халық ертегісі

Мақсаты: ертегі мазмұны бойынша бойларына мейрімділікті, адалдық қасиеттерін сіңіру.

Міндеттері:

Білімділік: ертегіні байланыстыра сөйлеуге, өз ойын толық айтуға дағдыландыру.

Дамытушылық: сөздік қорын молайту, тілін, есте сақтау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: досқа адал, мейірімді болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: бота, құлын, бұзау, кодық, қозы, күшік, мысық, қарға, бақа, әтеш, ара.

Үш тілдік компонент: бота- верблюжонок - camel, құлын -жеребёнок - foal, бұзау-телёнок- calf, қозы -ягнёнок- lamb.

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеттері
Мотивациялық қозғаушы	Тәрбиеші: Сәлеметсіңдер ме! Мені таныдыңыздар ма? Тәрбиеші: Мен ертегілер елінен сіздерге қонаққа келдім. Мені қандай ертегіден танысыңдар?  Тәрбиеші: Жарайсыңдар, керемет балалар! -Ал енді барлығымыз шеңбер жасап тұра қалайық. Сәлемдесу шеңбері Балалар дөңгеленіп тұрып, көңілді әуен қосыла салысымен бір-бірімен билеу қимылдары арқылы кезекпен амандасады. Тәрбиеші: Керемет балалар! Сендер қанша ертегі білесіңдер... Алдарыңызда жатқан кубиктерге мән берейікші. Бұнда не бейнеленген?! Дидактикалық ойын: «Ертегіні тап» 4К, Бала үні Ойын шарты: Бір кубикті лақтыра отырып, өзіне қарап түскен жағын, қандай ертегі екенін тауып атауы тиіс.	Балалар: Иә Балалар: «Ақшақар мен 7ергежейлі», «Белоснежка и принц» ертегісінен. Балалар: Ертегілер

	(Ертегілер: Алтын балық, қызыл телпек, бауырсақ, мақтақыз бен мысық, шалқан, үш аю, хайуанаттардың таласуы.) Тәрбиеші: Дұрыс таптыңдар жарайсыңдар, ақылды екенсіңдер!	
	Тәрбиеші: Ендеше жаңа ертегі тыңдағыларың келеді ме?! Әңгімелеу: Юбка театрмен көрсету Мен сендерге «Дос іздеген бота» ертегісін айтып берейін: «Ерте, ерте, ертеде боталы түйе болыпты. Ол өзінің жібек жүнді сүйкімді баласына мейрімділікті, адалдықты үйретіпті. Мөлдір көзді бота ақылды болып өседі. Бір күні анасы: -Боташым, мен саған жақсы достан басқасының бәрін бердім. Енді тура өзің сияқты дос тап. Доссыз өмір қиын, әрі қызық емес,-дейді. Бота өзіне ұқсайтын жалт-жұлт еткен жүні бар, жағымды үні бар дос іздеп шығады. Жайылып жүрген құлынды көріп: -Бө-ө-ө, мен дос іздеп жүрмін деп бота боздайды. Мяу- мяу , кел екеуміз дос болайық,-деп мысық мяулайды. -Жоқ, сен сияқты дос емес – дейді бота күлімдеп. -Мүмкін бұзау болар,-деп мысық ботаны шығарып салады. Сөйтіп бота боздап: бұзауға, қозыға, әтешке, аяғында араға келеді.- деп боздайды. Бота араға келіп: -Бө-ө-ө, мен дос іздеп жүрмін. -З-з-з-зз,-кел, екеуміз дос болайық,- деп ара ызылдап қуа жөнеледі. Бота арадан зорға қашып құтылады. Басы салбырап, шаршап бота өз анасына келеді. Анасы: -Дос таптың ба?-деп сұрайды. -Жоқ анашым, сенбесеңіз көктегі күннен сұраңыз.	Балалар: Иә Балалар ертегіні ұйып, қызығушылық танытып тыңдайды.

Тура мен сияқты ешкім жоқ екен,- дейді. Анасы жымыып: -Өзің сияқты дегенім, адалдығыңды айтқам, ботаашым. Досты жан тазалығымен таңдау керек, - деді. Бота қуанып , адал достары құлынды, бұзауды, қодықты, қозыны, күшікті, мысықты, әтешті, қарғаны, бақаны ертіп келеді. Ал араны сабырсыздығы үшін қоспаған екен» Тәрбиеші: Балалар бізге дос керек пе? -Дос не үшін керек? -Кімнің қанша досы бар? Сұрақ- жауап: АКТ, 4К, бала үні Түйе жайлы АКТ ақпаратты қарайды. -Түйе қандай жануар? -Бота ненің баласы? -Түйенің баласын не деп атайды? -Түйеден не аламыз? Дидактикалық ойын: «Пазлдарды құрастыр» 4К, бала үні. Ойын шарты: Балалар алдарында жатқан пазлдарды бір-біріне жалғау арқылы бір бүтін ертегі кейіпкерін шығаруы керек. Түрін, түсін, ерекшеліктерін айтып береді. Дидактикалық ойын: «Жануарларды қоректендір» 4К, бала үні Ойын шарты: Ертегідегі 11 кейіпкердің немен қоректенетін азығын тауып, қоректендіруі тиіс. Дәстүрден тыс сурет салу. Балалар ертегіде кездескен кейіпкерлердің суретін дәстүрден тыс сурет салу арқылы бояйды.	-Керек -Сырласып, ойнау үшін, ойыншықты бөлісіп ойнау үшін. Балалардың жауабы тыңдалады. -Үй жануары. -Бота түйенің баласы. -Бота деп атайды. -Шұбат аламыз. Балалар: Бұзау- түсі қоңыр, 4 аяғы, 1басы, 2құлағы, 2көзі, 1аузы, 1тілі, тістері, 1мұрны , құйрығы бар. Балалар жануарлардың немен қоректенетінін біліп, ажырата алады. Балалар ойынды қызығып ойнайды. Алдарында бояу және губка тұрады. Сол арқылы пленканың үстінен бастырып суретті бояп шығады.
--	---

Рефлексивті түзетушілік	Қортынды: Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтар: - Ертегі ұнады ма? - Түйе ботаны қалай тәрбиеледі? - Бота өзіне не іздеді? - Ол өзіне қандай достар тапты?	-Иә -Жүрегі жұмсақ қылып тәрбиелейді. -Бота өзіне дос іздеді. -Көп достар тапты.
-------------------------	---	--

Нені білукерек: Достық деген не екенің білді

Қандай түсініктерді игерді: дос адал, мейірімді болатының игерді

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: ертегіні өз ойымен байланыстырып айтуды меңгерді.